


# Digital ID-ге тіркелуге қадамдық нұсқаулық

## Тіркелу үшін мыналар қажет:

- фото және видео түсіру — компьютерде немесе ноутбукте веб-камера бар екеніне және оның дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз
- тұлғаны растау үшін жеке куәліктің немесе төлқұжаттың түпнұсқасы.

## 1. Тіркелуді бастау

Тіркелуді бастау үшін, “Өз Digital ID-імді құру” түймешігін басыңыз.



## 2. Телефон нөмірін енгізіңіз

Біз сізге осы нөмірге бірреттік код жібереміз. Пайдаланушы келісімімен және құпиялылық саясатымен келісетініңізді белгілеп, пайдалану шарттарын қабылдаңыз.




### 3. СМС-тегі кодты енгізіңіз

Хабарлама 1 минут ішінде келеді, егер де СМС алмасаңыз, “Қайта жіберу” сілтемесін басыңыз.



### 4. Селфи жасаңыз


Бет-әлпетіңіз жақсы көрініп тұруы керек. Қосымша жарық көзін қосып, бетіңізді бөлінген аумақтың дәл ортасына орналастырыңыз. Кадрға бөгде адамдардың бет-әлпеті түсіп тұрмағанын қадағалаңыз. Дайын болғаныңызда, фотоаппарат белгішесі бар түймешікті басыңыз.



Егер сурет анық түспесе, “Тағы қайталап көру” түймешігін басып, әрекетті қайталаңыз.

## 5. Видео-сәйкестендіруден өтіңіз


Бет-әлпетіңіздің жақсы көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз. Видео-тест нұсқауларын орындаңыз.



Егер де видео-сәйкестендіруден бірден өтудің сәті түспесе, әрекетіңізді қайталаңыз.

## 6. Жылдам қолжетімділік пин-кодын орнатыңыз


Digital ID-ге жылдам кіру үшін 4 цифр енгізіңіз. Пин-код енгізуді қайталаңыз. “1111” деген секілді қарпайым комбинацияларды қолданбауға тырысыңыз. Дербес деректеріңіздің қауіпсіздігі өз қолыңызда.



## 7. Тұлғаңызды растаңыз

Жеке куәлігіңіздің немесе төлқұжатыңыздың түпнұсқасын суретке түсіріңіз. Сонымен қатар, локальді дискіден құжаттың скан-нұсқасын жүктеуіңізге болады. Жеке куәлікті таңдаған кезде, құжаттың екі жағын да суретке түсіру керек.

**Назар аударыңыз:** смартфон экранындағы құжат суретін, құжаттың басып шығарылған көшірмесінің суретін, сондай-ақ бөгде адамдардың құжатының суретін жүйе қабылдамайды!



Егер сурет анық түспесе, “Қайта түсіру” түймешігін басып, әрекетті қайталаңыз. Құжат суретінің сапасы оның автоматты тексеруден өтуіне немесе жүйе операторының қолмен тексеруіне жіберілуіне тікелей әсер етеді. Бұған қосымша уақыт жұмсалуды мүмкін!

## 8. Дербес деректерді тексеріңіз

Құжаттың барлық өрістері дұрыс танылғанына көз жеткізіңіз. Деректерде қате болған жағдайда, нысанда өзгерту енгізіңіз. “Деректердің дұрыстығын растаймын” белгісін түрту арқылы деректердің дұрыстығын растап, “Жіберу” түймешігін басыңыз.

Digital ID

## Создать Digital ID

Для создания Digital ID пройдите 3 шага:

- 1. Подтвердите личность
- 2. Задайте PIN-код
- 3. **Добавьте документ**

Выберите один из документов, загрузите файл в JPEG или сделайте фотографию

Удостоверение Паспорт

Загрузить файл

Сделать фото

Отчество

Дата рождения \*

Место рождения

Национальность

Орган выдачи

Дата выдачи

Срок действия \*

Подтверждаю, что данные достоверны

Отправить

Помощь

## 9. Тіркелу аяқталды

Құттықтаймыз, сіз Digital ID-де цифрлық профиль құрдыңыз. Егер дербес деректерді тексеру кезінде өзгертулер енгізген болсаңыз, құжатыңызды жүйе операторының тексеруін күтіңіз. Тексеру уақыты операторлардың жүктемесіне байланысты. Әйтсе де, алаң болмаңыз, тексеру аяқтала салысымен, оның нәтижелерін сізге СМС арқылы жібереміз.

Digital ID

## Создать Digital ID

Для создания Digital ID пройдите 3 шага:

- 1. Подтвердите личность
- 2. Задайте PIN-код
- 3. **Добавьте документ**

Выберите один из документов, загрузите файл в JPEG или сделайте фотографию

Удостоверение Паспорт

Загрузить файл

Сделать фото

**Digital ID создан**

Документ привязан к аккаунту

В личный кабинет

Помощь

Егер де сұрақтарыңыз және техникалық қиындықтар туындаса, Digital ID қолдау орталығына жүгініңіз: <https://digital-id.freshdesk.com>